

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілерінде апаттар жағдайында және басқа да төтенше ахуалдарда өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы N 90 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілерінде апаттар жағдайында және басқа да төтенше ахуалдарда өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілерінде апаттар жағдайында және басқа да төтенше ахуалдарда өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы

2002 жылғы 30 мамырда Мәскеу қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілерінде апаттар жағдайында және басқа да төтенше ахуалдарда өзара көмек туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілерінде апаттар жағдайында және басқа да төтенше ахуалдарда өзара көмек туралы

Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің
Ү к і м е т т е р і

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің қосарлас жұмысын қамтамасыз ету туралы 1998 жылғы 25 қарашадағы шарты мен Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше ахуалдар салдарларының алдын алу мен жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы келісімді басшылыққа ала отырып,
апаттар жағдайында және басқа да төтенше ахуалдарда Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуі мен орнықты жұмысында өзара көмек мәселелерін ұйымдастыру мен шешудің маңыздылығын түсіне отырып, электр энергетикалық объектілерде апаттарды, сондай-ақ басқа да төтенше ахуаларды болдырмау мен олардың салдарын жою жөніндегі мәселелерді бірлесіп шешуде көкейтесті қажеттілік пен мүдделілікті мойындай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мына терминдер мен түсініктер:

электр энергетикалық объектілер - магистралдық электр және жылу тораптарын құрайтын электр станцияларынан, олардың су қоймаларынан, кіші станциялардан, электр жеткізу желілерінен және құбыр өткізгіштерден тұратын, электр және жылу энергияларын өндіруге, түрлендіруге, жеткізуге және таратуға арналған құрылғылар мен қондырғылар кешені;

электр энергетикалық жүйе - электр энергиясын (куатын) өндірудің, жеткізудің және таратудың бірыңғай процесімен байланысқан Тараптардың электр энергетикалық объектілерінің, оларды пайдалану мен басқару құрал-жабдықтарының жиынтығы;

апат, апаттық ахуал - электр энергетикалық қондырғылардың, олардың элементтерінің, құрылмаларының зақымдануы кезінде немесе төтенше ахуалдар салдарынан туындайтын:

- тұтынушыларды, оның ішінде адамдардың тіршілік қызметін, көлік пен байланыстың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жүйелердің энергиямен жабдыкталуын тоқтатуға;

- бір немесе бірнеше энергожүйелердің қосарлас жұмысының мүмкін еместігіне;

- әрбір Тараптың заңнамасымен белгіленген апаттардың сыныптық белгілеріне сәйкес келетін өзге де зақымдануларға әкелетін электр энергетикалық жүйелердің режимі;

төтенше ахуал - өзінен кейін адам өліміне, кісілердің денсаулығына, айнала табиғи ортаға, электр энергетикалық объектілерге және шаруашылық жүргізуі басқа да объектілеріне залал келтіруге, елеулі материалдық шығындарға, сондай-ақ адамдардың тіршілік қызметі, көлік пен байланыстың жұмыс істеу шарттарының бұзылуына әкелуі мүмкін немесе әкелген апаттардың, жойқын апаттардың, зілзалалардың немесе өзге де апаттардың нәтижесінде туындаған жағдай;

апаттың салдарларын жою, электр энергетикалық объектілердің жұмыс қабілетін қалпына келтіру - тікелей қауіп кезінде немесе апаттар мен басқа да төтенше ахуалдар туындаған кезде жүргізілетін және адамдардың өмірін құтқаруға және кісілердің денсаулығын сақтауға, көлік пен байланыстың жұмыс істеуіне, айнала ортаға залалдың

және материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға, сондай-ақ электр энергетикалық объектілерде апаттардың ауқымдары ұлғайған жағдайда апаттар мен төтенше ахуалдар аймағын оқшаулауға бағытталған апаттық-құтқарушылық, қалпына келтірушілік және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған құқығы (лицензиясы) бар және арнайы техникамен, жабдықтармен, саймандармен, құралдармен және материалдармен жарақтандырылған білікті мамандар тобы;

шаруашылық жүргізуші субъект - Тарап заңнамасына сәйкес электр және жылу энергиясын өндірумен, түрлендірумен, таратумен және сатумен айналысатын заңды тұлға ;

құзыретті орган - осы Келісімді іске асыруға байланысты жұмыстарды үйлестіру үшін Тарап (Тараптар) тағайындаған орган дегенді білдіреді.

2-бап

Егер аумағында апат болған Тараптың апат салдарын оқшаулауға және өзінше жоюға күші жетпесе, онда Тарап оған (оларға) көмек көрсетуге өтініш жасаған жағдайда басқа Тарап (Тараптар) апаттық- құтқарушылық және қалпына келтірушілік жұмыстарын жүргізуге көмек көрсетеді. Бұл ретте көмек сұраушы Тарап басқа Тарапты (Тараптарды), сондай-ақ ТМД Электр энергетикалық кеңесінің Атқару комитетін апаттың сипаты туралы хабардар етеді, қажетті көмектің нақты түрлерін және көлемдерін көрсетеді, ал Тараптардың тиісті өзара қарым-қатынастары осы Келісімнің 6-бабымен және Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше ахуалдар салдарының алдын алу мен жою саласындағы өзара іс-қимыл туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы келісіммен анықталады .

Аумағында апат болған Тарап кез келген сәтте көмек көрсету туралы өз өтінішін өзгерте алады. Бұл жағдайда көмек көрсететін Тарап (Тараптар) көмек көрсетуге байланысты ол (олар) тартқан шығындардың өтемін алуға құқылы.

3-бап

Осы Келісімге сәйкес, ақпарат алмасу және көмек көрсету жөніндегі топтарды жіберу жолымен көмек көрсетуді қоса алғанда, Тараптардың барлық қызметі халықаралық шарттарға және Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізілетін болады.

4-бап

Тараптар электр энергетикалық объектілердегі апаттардың салдарларын тез жою үшін екі немесе көпжақты жасалатын шарттар негізінде қайтарылуы мүмкін қаржылық қаражаттармен, материалдық- техникалық ресурстармен, жабдықпен және қосалқы бөлшектермен, көмек көрсету жөніндегі топтарды іссапарға жіберумен, сондай-ақ отын мен электр энергиясын (қуатын) жоспардан тыс жеткізумен - тұтынушыларды электрмен жабдықтауды және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің орнықты жұмысын қамтамасыз етуі техникалық шарттарын ескерумен Тараптың уағдаластығына сәйкес көмек көрсетеді.

Осы Келісімнің 2-бабында көзделінген жағдайларда көмек көрсету кезінде пайдаланылатын көмек көрсету жөніндегі топтар, арнайы техника, жабдықтар, саймандар, құралдар және материалдар жер бетінің, әуе не су көлігімен жіберілуі мүмкін.

Әуе көлігін пайдалану жағдайында әрбір Тарап ұлттық заңнамасына сәйкес ұшуларды жүзеге асыруға рұқсаттарды ұсынады және өзінің аумағындағы тиісті бекеттерді көрсетеді. Көмек көрсететін Тарап ұшқаны, қонғаны, әуеайлақта тұрғаны және одан әуе кемелерінің ұшқаны, отын құйғаны, техникалық қызмет көрсету, жолаушылар мен экипажды тамақтандыру үшін төлемнен, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетулерді төлеуден босатылады.

Көлікті және шығындар өтемақысын пайдалану тәртібі Тараптардың келісімі бойынша халықаралық шарттар мен ұлттық заңнамаға сәйкес белгіленеді.

5-бап

Тараптар электр энергетикалық объектілердің персоналының, тұрғындардың тіршілік қызметі, көлік пен байланыстың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін мемлекетаралық апат қорларын, оның ішінде негізгі жабдықты, қосалқы бөлшектерді, материалдық-техникалық және энергетикалық ресурстарды, сондай-ақ автономды жылжымалы электр станцияларды құра алады.

Мемлекетаралық қорларды қалыптастыру және пайдалану жағдайларын Тараптар жекелеген шарттарда анықтайды. Мемлекетаралық қорлардың номенклатурасы, көлемі және көшу орындары осындай шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен келісіледі.

6-бап

Аумағында апат болған Тарап оның салдарларын тез жою үшін басымдық тәртіпте басқа Тараптардың көмек көрсету жөніндегі топтарына апат салдарларын жою үшін қажетті әкелінетін немесе әкетілетін арнайы техниканың, жабдықтардың, саймандардың, құралдардың және материалдардың номенклатурасы мен саны, көмек көрсету жөніндегі топтың құрамы көрсетілетін Тараптардың құзыретті органдары

беретін хабарламалар негізінде оңайлатылған кедендік бақылауға және кедендік ресімдеуге жататын, апат салдарын жою үшін қажетті арнайы техниканы, жабдықты, сайманды, құралдарды және материалдарды оның аумағына еркін әкелуге және аумағынан әкетуге құқық береді.

Әкелінген арнайы техника, жабдық, сайман, құралдар және жұмсалмаған материалдар бұрын берілген хабарламаға сәйкес кері әкетуге жатады. Егер арнайы техника, жабдық, сайман, құралдар және материалдар немесе олардың бөліктері көмек заты ретінде немесе оларды шығарудың мүмкін еместігіне орай қалдырылса, онда олар апат болған аумақтағы Тараптың заңнамасына сәйкес кедендік декларациялауға ж а т а д ы .

Медициналық жәрдем көрсету үшін құрамында есірткілер бар дәрілерді енгізу кезінде көмек көрсету жөніндегі топ жетекшісі кедендік органдарға құрамында есірткілері бар әкелінетін препараттардың номенклатурасы мен санын көрсетумен рұқсатты (лицензияны) ұсынады. Құрамында есірткілер бар пайдаланылған медициналық препараттарды әкету кезінде көмек көрсету жөніндегі топ жетекшісі қол қойған және апат болған аумақтағы Тараптың құзыретті органының өкілі куәландырған а к т і ұ с ы н ы л а д ы .

Б ұ л р е т т е :

- Тараптар кедендік баждарды, алымдарды және салықтарды салмауға, сондай-ақ олардың мемлекеттік шекарасы арқылы медициналық жәрдем көрсету үшін көлік құралдарын, арнайы техниканы, жабдықты, дәрілерді, апат салдарларын жоюға қажетті саймандарды, құралдарды және материалдарды, сондай-ақ электр энергиясының жоспардан тыс жеткізілімі немесе оның қайтарылуы кезінде алып жүруге арналған тарифтік емес сипаттағы шектеуді қолданбауға міндеттенеді;

- көмек көрсету жөніндегі топқа кіретін тұлғалардың мемлекеттік шекараны кесіп өтуі жеке куәліктері немесе төлқұжаттары бойынша апат болған аумақтағы Тараптың заңнамасына сәйкес халықаралық қатынастар үшін ашылған өткізу бекеттері арқылы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ;

- Тараптар апат болған аумақтағы Тараптың аса маңызды тұтынушыларын электрмен жабдықтауды қамтамасыз етудің шұғыл қажеттілігі жағдайында өз мемлекеттерінің кеден органдарын электр энергиясының жоспардан тыс берілісі басталғаннан кейін 48 сағаттан кешіктірмей хабардар етеді.

7-бап

Көмек көрсету жөніндегі, оның ішінде және апат салдарын жою кезінде басқа Тарап (Тараптар) жіберетін, барлық топтардың өзара іс-қимылдарын үйлестіруді апат болған аумақтағы Тараптың құзыретті органы жүзеге асырады.

Тараптар осы Келісім күшіне енгеннен кейін бір ай мерзімде осы Келісім бойынша

өздерінің құзыретті органдары туралы депозитарийлерді хабардар етеді.

Егер апат екі және одан көп Тараптардың аумағында болса, көрсетілген топтардың өзара іс-қимылын Тараптардың келісімі бойынша тағайындалатын құзыретті орган жүзеге асырады. Бұл жағдайда Тараптардың тиісті өзара қарым-қатынастары осы Келісімнің 9-бабына сәйкес белгілене алады.

8-бап

Апат болған аумақтағы Тарап қажетті жағдайларды, оның ішінде ақысыз медициналық қызмет көрсетуді, басқа Тараптардың апат салдарын жоюға тартылған көмек көрсету жөніндегі топтардың қызметтері үшін және олар пайдаланатын арнайы техниканы, жабдықты, сайманды және материалдық-техникалық ресурстардың сақталуын қамтамасыз етеді, қажеттілік жағдайында қосымша жабдықтауды, байланысты, күзетті береді және аудармашылармен қамтамасыз етеді, сондай-ақ егер олар осы Келісімді іске асыру бойынша міндеттерді орындау кезінде болса, көмек көрсету жөніндегі топ мүшелерімен бақытсыз оқиғаларға байланысты шығыстарды ө з д е р і н е а л а д ы .

Егер осы Келісімді іске асыруға байланысты міндеттерді орындау кезінде көмек көрсету жөніндегі топ мүшесі жеке немесе заңды тұлғаға қасақана емес залал келтірсе, онда ұлттық заңнамаға сәйкес шығынды апат болған аумақтағы Тарап өтейді. Қасақана залал немесе дөрекі ұқыпсыздық бойынша келтірілген залалды көмек көрсетуші Тарап өтейді.

9-бап

Электр энергетикалық объектілерде апаттардың салдарын жоюға арналған шығындардың орнын толтыру Тараптардың уағдаластықтары бойынша ал қажеттілік кезінде - халықаралық шарттар мен ұлттық заңнамаларға сәйкес мақсатты (бюджеттен тыс) қаржылық және/немесе материалдық резервтер есебінен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қатысуымен жүзеге асырылады.

Тараптар осы мақсатпен уағдаластықтар бойынша тиісті мақсатты (бюджеттен тыс) қаржылық және/немесе материалдық резервтерді құра алады.

Көмек көрсетуші Тарап көмек көрсету жөніндегі топ мүшелерін сақтандыруды жасайды. Сақтандыруды ресімдеу жөніндегі шығыстар көмек көрсету жөніндегі жалпы шығыстарға енгізіледі.

10-бап

Электр энергиясының (куаттарының) мемлекетаралық ток ағынын қамтамасыз етуші электр энергетикалық объектілерде апаттар туындаған кезде, Тараптар оларды

тергеу, сондай-ақ апаттардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу бойынша бірлескен комиссиялар құра алады. Комиссия туралы типтік ережені ТМД Электр энергетикалық кеңесі бекітеді.

11-бап

Апаттардың туындауын болдырмау және электр энергетикалық жүйелер жұмысының орнықтылығын арттыру мақсатында мүдделі Тараптар ғылыми-техникалық прогресс пен экологиялық таза технологиялар жетістіктерінің базасында электр энергетикалық жабдықтар мен қондырғылардың, басқару, бақылау, қорғау және байланыс жүйелері жұмысының сенімділігін арттыратын ережелері мен техникалық шарттарының іс-шараларын әзірлеуде және іске асыруда ынтымақтасады.

12-бап

Тараптар ұлттық заңнамаларға сәйкес осы Келісімнің ережелерін іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және келісу бойынша қажетті шаралар қолданды.

13-бап

Тараптар апаттық-қалпына келтірушілік жұмыстарын жүргізуді қозғайтын ұлттық заңнамадағы өзгерістер туралы бір-бірін өзгерістер күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде хабардар етеді және өзара тиімді шешімдерге қол жеткізу үшін тиісті келіссөздер өткізеді.

14-бап

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының салалық ынтымақтастығының үкіметаралық органдары тарапынан осы Келісімді орындау жөніндегі үйлестіру жұмыстары ТМД Электр энергетикалық кеңесінің Атқару комитетіне жүктеледі.

15-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттар бойынша Тараптар міндеттемелерін қозғамайды.

16-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру кезінде туындаған даулы мәселелер келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

17-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді қол қойған Тараптардың орындағандығы туралы үшінші жазбаша хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін өз хабарламаларын тапсырған Тараптар үшін ол тиісті хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

18-бап

Осы Келісім бес жыл бойы қолданыста болады. Егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, бұл мерзімнің өтуі бойынша осы Келісім әрбір 5 жылдық кезеңге автоматты ұзартылып отырады.

19-бап

Осы Келісім қосылу туралы құжаттарды депозитарийге сақтауға беру жолымен барлық Тараптардың келісімімен оған басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылу осындай қосылуға Тараптардың келісімі туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күннен бастап күшіне енді деп саналады.

20-бап

Осы Келісімге барлық Тараптардың жалпы келісімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, бұлар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 17-бабында көзделінген тәртіпте күшіне енеді.

21-бап

Тараптардың кез келгені осы Келісімнен бұл туралы депозитарийге, осы Келісімнің қолданыстағы уақытында туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерін орындап, шығу күнінен бір жыл бұрын кешіктірмей жазбаша хабарлама жіберумен шыға алады.

2002 жылғы 30 мамырда Мәскеу қаласында бір түпнұсқалық данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқалық дана осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа куәландырылған көшірмесін жіберуші Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады.

Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін
Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Үкіметі үшін
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының
Ресей Федерациясының

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*
Грузия Республикасының
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*
Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*
Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Тәжікстан Республикасының

Түркіменстан

Өзбекстан Республикасының

Украина

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілеріндегі апат жағдайларында және басқа да төтенше ахуалдарда өзара көмек туралы келісімге Әзірбайжан Республикасының ескертпесі

Әзірбайжан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілеріндегі апат жағдайларында және басқа да төтенше ахуалдарда өзара көмек туралы келісімде мазмұндалған құқықтардың, міндеттердің және ережелердің бір де бірі Арменияға қатысты қабылданбайтынын мәлімдейді.

Әзірбайжан Республикасының

Премьер-Министрі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілеріндегі апат жағдайларында және басқа да төтенше ахуалдарда өзара көмек туралы келісіміне
Беларусь Республикасының
мәлімдемесі

Беларусь Тарабы мәтінде қолданылатын: "Тараптардың аумауақтары", "Тараптардың ұлттық заңнамалары", "Тараптардың құзыретті органдары", "Тараптардың электр энергетикалық объектілері" ұғымдарын: сәйкесінше "Тарап мемлекетінің аумағы", "Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары", "Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары", "Тараптардың мемлекеттерінің электр энергетикалық объектілері" деген мәндерде түсінеді.

Беларусь Республикасының

Премьер-Министрі

